



# Сыр бойы

№46 (21121) 31 наурыз, сейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy\_kz

t.me/syrboy\_kz

twitter.com/syrboy

ТАУ-КЕН

## СИРЕК МЕТАЛҒА СҰРАНЫС АРТТЫ

Қазақстанның жерасты байлығы әлі де мол. Тек бұған Мемлекет басшысы Жолдауында айтқандай, геологиялық барлауды күшейтуге жеке инвестицияны тарту қажет. Мұндай жұмыс тәсілі көп елде бар. «Тау-кен саласын басқару жүйесін жуық арада жаңғырту қажет. Көптеген елде бұл саланы негізінен жеке компаниялар алға сүйрейді. Сондықтан ірі көлемде жеке инвестиция тарту осы саланың әлеуетін ашуға барынша көмектеседі» деген Президенттың өңірлерді зерттеу қажеттігін ескертті. Ал Үкімет міндеті – 2026 жылдың соңына дейін, кемінде 2,2 млн шаршы шақырым аумаққа геологиялық және геофизикалық барлау жүргізу болмақ.

2025: 17 КЕН ОРНЫ ЕСЕПКЕ КІРДІ

Табиғи ресурсқа, әсіресе, сирек кездесетін металл түрлеріне бай Қазақстан әлем сұранысын қанағаттандыра алады. Әрине, «жана заман мұнайы» деп ат берілген сирек кездесетін металл кеніштерін игерсе ғана. Қазір әлем елдерінде аталған өнімге сұраныс тым артақ.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің дерегінше, биылға дейін Президент тапсырмасымен елдегі жана барлау жұмыстары 2

млн 38 мың шаршы шақырымға жетіпті. Ал осы жылы 100 мың шаршы шақырымды геологиялық картаға түсіру жоспарланған. 20 жоба-сметалық құжат дайындалып, оларды іске асыруға «Ұлттық геологиялық қызмет» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» (Қазгеология) және басқа ұлттық геологиялық барлау компаниялары тартылған.

«2025 жылы алғаш рет 17 кен орны мемлекеттік есепке алынды, оның ішінде «Көк-Жон», «Алтын-Шоқы» және «Самомбет» кен орындары бар. Қордың өсімі: алтын 136,9, күміс 152, мыс 74,4

мың, фосфорит 1,3 млн тоннадан астам. Негізгі пайдалы қазбалар бойынша жалпы қор: алтын 2369, мұнай 4,3 млрд тонна, газ 3,8 трлн м<sup>3</sup>, көмір 33,5 млрд және темір 26,7 млрд тонна. Минералдық-шикізат базасы шамамен 10 мың кен орнын қамтиды, оның ішінде қатты пайдалы қазбалар – 1009, көмірсутектер – 359, 3700-ден астам кен таралған пайдалы қазбалар, 4900-ден астам жерасты суы кіреді» деп жазады министрлік.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

## ТҰРҒЫН ҮЙ: ЖОСПАР ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жиында қала аумағындағы тұрғын үй құрылысының қарқыны, кезекте тұрған азаматтардың жағдайы, тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері қаралды.



Аймақ басшысы тұрғын үйлерді белгіленген мерзімде әрі сапалы етіп салуды, мердігер мекемелер жұмысын тұрақты бақылауды міндеттеді. Сондай-ақ үй кезегінде тұрған азаматтардың деректерін нақтылап, ашықтықты қамтамасыз ету, әлеуметтік жағынан асап топтарға басымдық беру қажеттігін атап өтті. Инженерлік-коммуникациялық желілерді уақытылы жүргізуді, жаңа тұрғын үйлерді пайдалануға беру мерзімін кешіктірмеуді қатаң тапсырды.

– Құрылыс жұмыстары жоспар бойынша жүріп келеді. Барлық жоба белгіленген мерзімде аяқталып, қаражат мақсатты жұмсалуды тиіс, – деді облыс әкімі.

Еске салайық, тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер, кейінгі 3 жылда барлық ауданда алғаш рет жанадан 1800-ге жуық пәтер табысталды. Өткен жылы 2477 пәтерлік тұрғын үй салуға бюджеттен 36 млрд теңге қаралса, биыл кезекте тұрған азаматтарға 2400 пәтер табыстау үшін 55 млрд 600 млн теңге жоспарланған.

Кейінгі жылдары қаламызда заманауи жаңа дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

«СБ» ақпарат

КӨРМЕ

## ӘЙНЕК, БАЛҒА hәм КЕСКІНДЕМЕ

Қызылорда облыстық көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Дәулетбек Тойшыбаевтың «Оян» атты креативті көрмесі өтті. Онда көпшілік назарына соққылы нүктелік гравюра әдісімен орындалған картиналар ұсынылды.

Сырбойлық суретші сирек кездесетін көркемдік техниканы елімізге алғаш рет әкеліп отыр. Жаңа кескіндеме өнерінің ерекшелігі – картина әйнекті балғамен сындыру арқылы салынады. Көрмеге осындай әдіс арқылы дүниеге келген 20-ға жуық туынды қойылып, көрермен қауымның оң бағасын алды. Бейнелеу өнерінің өкілі негізінен түркі халықтарына ортақ ойшылы, жырау, қобызшы Қорқыт бабадан бастап Қабанбай батыр, Әйтеке, Төле және Қазыбек билер, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Жамбыл Жабаев, Бауыржан Момышұлы сияқты ұлт

мақтаныштарын, сондай-ақ биыл Италияда өткен XXV қысқы Олимпиада ойындарында мәнерлеп сырғанаудан алтын медаль иеленген тарихи чемпион, отандасмыз Михаил Шайдоровтың кескінін әйнек бетіне түсірген.

– Әйнекке сурет салу тренді әлемде үш-төрт жыл бұрын басталды. Ал Қазақстан бойынша бірінші рет мен қолдандым. Бұл жерде балға қаламның ролін атқарады. Көзіме сынығы тимес үшін көзілдірік, ал даусы құлағымды ауыртпас үшін құлаққап тағып аламын. Маған, әсіресе, түнде тыныштықта жұмыс істеген ұнайды.

Бүгінгі көрме – аз ұйықтап, көп жұмыс істегенімнің нәтижесі. Бүкіл картинаны бір аптаның ішінде салып бітірдім. Тәжірибем Ахмет Байтұрсынұлының суретін салудан басталды және ол сәтті шықты, – деді Дәулетбек Тойшыбаев.

Ол қылқаламнан бөлек күм, күршінен сурет салады. Шегере жіп тарту арқылы танымал музыкант, эңші-композитор, Қазақстан және Ресей эстрадасында өзіндік орнын қалыптастырған Батырхан Шөкеновті бейнелеу арқылы танымалдығы артты. Ал екі жыл бұрын «Кілем Арты» атты көрмеде сырбойлық



арулардың кілемдегі картиналары қабырғаға ілінді.

Бұл жолғы тың техникада бейне шыны бетіне түсірілген мыңдаған нәзік соққы арқылы қалыптасып, жарық пен фактураның үйлесімі нәтижесінде бірнеше көркем образ дүниеге келген. Кейіпкеріміз мұны интернеттен көріп үйренгенін айтты. Алайда ешбір суретші бұге-шігесіне дейін көрсетіп, ерекше әдістің құпиясын аша қоймайды екен. Тек өзінің тынымсыз ізденісі арқылы білімін толықтырған. Ол үшін Қызылорданың шыны зауытынан шығатын өнімді өңдеп пайдаланады. Қанша көлемде шыны кететіні картинаның көлеміне байланысты. Ал туындының нарықтағы бағасы 300 мың теңгеден басталады.

– Көп шыны кетпеуі мүмкін. Бірақ бұл жерде мәселе – көз майымды тауысқан еңбекте, – деді суретші.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

ТЕАТР

## «ЖАСТАР ТЕАТРЫ» – ТӨЛ ӨНЕРДІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Театр – бар өнердің тоғысқан жері. Онда шығармашылық образдардың шынайы бет-бейнесі бар. Сезім бар, сезіну бар. Бір сөзбен айтқанда, көрермен көңілін күпті еткен өмірлік сұрақтарға шешім табынан жоғарғы интенция. Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен Қызылорда қалалық «Жастар театры» шаңырақ көтерді. Осы уақыт ішінде театр өңірге ғана емес, ел аумағына танылды.

Театр «Қызылорда Теміржолшылар клубы» ғимаратына орналасып, дербес шығармашылық ұжым қалыптасты. Бүгінде ұжымда елуден аса қызметкер еңбек етеді. Репертуарында әртүрлі жанрдағы 15 қойылым бар. Оның үшеуі балалар аудиториясына негізделсе, қалғаны жастар мен ересектерге арналған. Спектакльдер жыл мен ересектерге арналған. 10 мыңнан көлемінде 65 мәрте сахналанып, 10 мыңнан аса көрерменді қамтыды. Сондай-ақ театр труппасы жыл сайын қалалық, облыстық және республикалық маңызы бар мәдени-көпшілік іс-шараларда театрландырылған прологтар ұсынып, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытып жүр. Жалпы айтқанда, жастардың шығармашылық ортасы тәжірибесін толықтырып, тың тақырыптарға қалам бесін толықтырып, тың тақырыптарға қалам тартып, ерекше ізденіспен еңбек етіп келеді. Сәл шегініс жасайық, осыдан тура жиырма жыл бұрын, яғни, 1996 жылы облыс

әкімі Бердібек Сапарбаев қабылдауына шақырды. Сол жерде менің өнер саласында атқарып жүрген жұмыстарымнан хабардар екенін айтып, облыс орталығына қызметке келуге ұсыныс айтты. Мен ол уақытта Арал ауданында мәдениет үйінің менгерушісі едім. Ойлап-ойлап қалдым. Дегенмен, басты мәселе басына болатын. Осылайша ол мәселені шешілетінін айтты. Осылайша облыс басшысының қолдауымен басты мәселе де шешімін тауып, аймақтың өнер саласына араласып кеттім. Облыстық халық шығармашылығы орталығында, Н.Бекжанов атындағы драма театрында қызмет атқардым. Өңір мәдениеті саласындағы көп жылғы тәжірибемді жинақтай келе жастардың театры деген қызығушылығын арттырып, өнердің қайнаған ортасына тартуды ойладым.

4-бет

## БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТАР МАРАПАТТАЛДЫ



«Достық үйінде» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев республикалық референдумды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан азаматтарға, құқық қорғау органдарының, басқармалардың басшыларына, қала, аудан әкімдеріне Президенттің Алғыс хаты мен «Барыс» төбелгісін табыстады.

– Жақында ғана Елордада өткен салтанатты шарада Президентіміз Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталып, Ата Заңымыздың мән-мазмұнын жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген Жалпыұлттық коалиция мүшелері мен азаматтарға алғысын білдірді.

Тарихи маңызды шарада еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, заң мен тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосқан тұлғалар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың арасында сырбойлық жерлестеріміз бар екенін зор мақтанышпен атап өтуіміз қажет. Бүгін міне, республикалық референдумды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан жерлестерімізге Президентіміздің Алғыс хаты мен «Барыс» төбелгісін табыстаудамыз.

Бұл – Мемлекет басшысының Сыр өңірі халқына ыстық ықыласы, жерлестеріміздің еңбекқорлығы мен ұйымшылдығына берген лайықты бағасы. Ерекше қолдау бізді жана жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді.

Ұлттық жаңғыруымыздың жаңа кезеңін-

дегі референдумды өткізуге белсене қатысқандарыңыз үшін баршаныңызға шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін.

Егемен еліміздің жарқын болашағы жолындағы істеріміз табысты болсын! Елдігіміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! – деп облыс әкімі.

Сонымен қатар, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемұлы, облыс прокуроры Ризабек Қаримұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректора Наурызбай Сейталиұлы сөз сөйледі.

Еске салайық, 15 наурыз күні ел азаматтары жана Конституцияға арналған референдумға белсенді қатысып, мемлекетіміздің келешек тағдырын айқындады. Ақордада өткен салтанатты жиында Президент бүкіл халық атынан жана Ата Заңға, «Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Халықтық Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді. Енді жыл сайын 15 наурызда Конституция күні мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде атап өтіледі.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

## ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫ ҚҰРЫЛЫС БАСЫНДА БОЛДЫ

Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Ерғешбаев, Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, қала әкімі Нұржан Ахатов Қызылордадағы құрылыс нысандарын аралады.



Алдымен сол жағалаудағы 300 төсектік көпбейінді аурухана және тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты. Бір ауысымда 100 келушіні қабылдайтын емхана және 100 төсекке арналған онкологиялық бөлімшесі қарастырылған нысан 10 блоктан тұрады. Онда емхана, қабылдау, операциялық, реанимация, химиотерапия, радиология бөлімдері, әкімшілік, тамақтандыру және конференц залдары орналасады. 54,3 млрд теңгенің жобасын «Мелиоратор» серіктестігі жүзеге асыруда. Қазіргі таңда монолит жұмыстары аяқталып, кірпішін қалау, инженерлік жүйелерді жүргізу жалғасуда. Құрылыс алаңына 18 техника, 300-ге жуық жұмысшы жұмылдырылған.

Сол жағалаудағы эркрайысы 60 пәтерлік 10 тұрғын үйдің құрылысы да қарқынды. Жобаға 11,3 млрд теңге бөлінген, 5 қабатты 7 үй және 9 қабатты 3 үй салынуда.

Әрі қарай Президент паркіндегі 9 қабатты 15 тұрғын үй, Ботаникалық бақ және балалар лагері, Rixos бес жұлдызды қонақүйінің құрылысы назарға алынды.

Бүгінде 9 қабатты 15 тұрғын үйді «Мелиоратор» серіктестігі 8,2 гектар аумаққа салауда. Мұнда 945 пәтер пайдалануға беріледі. Оның 135-і бір бөлмелі, 540-ы екі бөлмелі және 270-і үш бөлмелі.

Ботаникалық білім беру орталығының құрылысын «Alem Quryls AQ» серіктестігі қолға алған. Орталық экологиялық білім беруге әрі демалысқа арналған.

300 орындық балалар лагерінің жобасы бойынша әкімшілік ғимарат, event-аймақ, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 киз үй, ашық бассейн, стадион, сахна, өзге де демалыс және техникалық нысандар салу көзделген.

«Қызылорда Арена» спорт кешенінің де құрылысы жалғасуда. Жобаның құны 20 млрд теңгеден асады. Кешенде олимпиадалық бассейн, спорт алаңдары және 150 орындық конференц-зал болады. Қазір мұнда 214 адам жұмыс істейді, инженерлік желілердің 90%-ы дайын.

## СИРЕК МЕТАЛҒА СҰРАНЫС АРТТЫ

Сондай-ақ «Ұлттық геологиялық қызмет» АҚ базасында сертификатталған зертханалық кешен құрылууда. Бұл да Мемлекет басшының тапсырмасы болатын. Құны 14 млрд теңге болатын жоба 2028 жылы іске қосыламын. Кешенге зертханалар, қор сақтау және кен сақтау қоймалары кіреді.

Жыл басында өткен Орталық коммуникациялар қызметі алаңындағы брифингте Геология комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қанат Ерубайев саладағы оң жаңалықтарды айтқан еді. Оның сөзінше, мыс, алтын, сирек жер элементтері және басқа да стратегиялық маңызды ресурстарға жаһандық сұраныс артып отырғандықтан Қазақстан геологиялық деректердің дәлдігін арттыруға және инвестициялық тартымдылығын күшейтуге басымдық беруде.

Айталық, өткен жылы 100 мың шаршы шақырым аумақта детальді түсірілім жобалары дайындалды. Нәтижесінде алтын, мыс, қорғасын, мырыш және өзге де пайдалы қазбаларға қатысты 29 перспективалы алаң анықталыпты. Сондай-ақ көмірсутек бағытында да жұмыс жалғасуда. «Арал» бассейнінде 20-дан астам мұнай-газға перспективалы учаске анықталып, оларды аукционға шығару (келесі тақырыпты қараңыз) жоспарланған. Жалпы алғанда үш жылда мемлекеттік геологиялық зерттеуге шамамен 240 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ 2027 жылы алғашқы перспективалы учаскелер аукционға шығарыламын.

### КЕН ӨНДІРІСІ: СЫРДАҒЫ СЕРПІЛІС

Біздің облыс аумағында кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған 100 құқық (лицензия немесе жер қойнауын пайдалану рұқсаты) табысталған. Оның ішінде тұз, саз, құм, құмды-қырыштық тас, әктас, доломит және кварц құмы да кіреді. Одан бөлек, қатты пайдалы қазбаларды өндіруден екі жер қойнауын пайдаланушы айналысуда. Атап айтқанда, Жанақорған ауданында ванадий өндірумен «Фирма Балауса» ЖШС және цинк өндірумен «Шалқия Цинк ЛТД» АҚ жұмыс істейді.

– Қызылорда облысы – мұнай-газ, полиметалл кендері мен уранды қоса алғанда минералдық-шикізат ресурстарының елеулі әлеуетіне ие аймақ. Облыс шегінде пайдалы қазбалар кен орындары біркелкі бөлінбегенін атап өту қажет. Қорғасын, мырыш, кадмий, германий, алтын, күміс, селен, темір, молибден-ванадий және цирконий-титан кені негізінен Арал маңында және Қаратау жотасында орналасқан. Солтүстік Арал маңында Үлкен Торғайдың «Бастемір» кені белдеуінің оңтүстік бөлігінде орналасқан және облыс аумағында дербес темір кені ауданын («Құтан-бұлақ», «Талды-Еспе») құратын бірқатар темір кен орындарының перспективалары бар. Сондай-ақ Солтүстік Арал маңында орналасқан Ақесте кені 1-бет

орнында титан бар, – дейді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Азамат Қаюпов.

Оның айтуынша, қазір Сыр елінде мұнай өндіру төмендеген. Өйткені, табиғи қор сарқылды. Мысалы, өңірде 2014 жылы 9,9 млн тонна мұнай өндірілсе, былтыр 3 млн тонна «қара алтын» өндіріліпті. Өнім 3 есеге төмен.

– Қазір мұнай қорларын толықтыру және перспективалы учаскелерді анықтауда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен тиісті іс-шаралар атқарылууда. Атап айтсақ, республикалық бюджет есебінен Арал шөгінді бассейнінде, яғни «Батыс» және «Шығыс»

және перспективалы учаскелерді анықтауда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен тиісті іс-шаралар атқарылууда. Атап айтсақ, республикалық бюджет есебінен Арал шөгінді бассейнінде, яғни «Батыс» және «Шығыс»




Фото ашық дереккөзден

учаскелерінде геологиялық зерттеу жұмысы аяқталды. Нәтижесінде 1,1 млрд тонна болжамды көмірсутек ресурсы анықталды. Оның ішінде өндірілетін көлемі шамамен 300 млн тоннаға құрайды, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Дегенмен геологиялық зерттеу жүргізген ұйым тарапынан осы бассейнің әлеуетті учаскелерін анықтап, барлау ұңғымаларын бұрғылау ұсынылған. Одан бөлек, 2024 жылы «Сырдария» шөгінді бассейнінің зерттеу жұмыстары басталды. Зерттеу жұмыстары үш жылға жоспарланған, алдағы жылы аяқталмақ.

### БАҒАСЫ БӨЛЕК БАЙЛЫҚ

Жоғарыда айтқандай, сирек және стратегиялық маңызы бар металдарға бай ел қазіргі технологиялық дәуірде мұндай ресурстарға деген сұранысты қалт жібермесе керек. Электромобиль өндірісі, микроиндустриясы, ғарыш техникасы мен әскери технологияларға қажетті элементтерді өндіру – экономиканы қарыштатудың қадамы. Ресми ақпарат көздерінде Қазақстандағы сирек кездесетін металл қоры бар 100-ден аса кен орны анық-



Фото ашық дереккөзден



Фото ашық дереккөзден

өте қажет берілімнің бір келісі 700 мың теңгені айналасында. Ал күнделікті ұстайтын смартфондар мен қолданыстағы компьютерлер өндірісіндегі тантал элементінің бағасы – 225 мың теңге. Одан кейінгі орындарда галлий, ниобий, молибден, вольфрам, литий металдары тұр.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай металдар ерекше стратегиялық маңызға ие. Кейінгі жылдары осындай сирек элементтерге технологиясы қарыштаған мемлекеттерден сұраныс көп. Айталық Еуропалық одақ елдері, АҚШ, Ұлыбритания, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея елі біздің қазба байлыққа қызығушылық танытқан.

Сирек металдар бағасының көтерілуі еліміз үшін экспорттық түсімді көбейтетін сөзсіз. Ресми деректерде сирек металдар өндірісінің көлемі 179 млрд теңгеге жеткен.

Тағы бір маңызды жайт, біздегі жерасты байлықтары кешенді болып есептеледі. Мысалы, бір кен орнынан тек мыс ғана емес, алтын да, цинк та, вольфрам да, молибден де алуға болады екен. Геологтардың сөзінше, кенес кезінде бір элементті ғана игеріп, қалғанына назар аудармапты. Ал қазір бір жерден бірнеше пайдалы қазбалар тобы шығуы мүмкін. Бірақ бұл да үлкен ғылыми технология көмегіне мұқтаж. Оны жасайтын отандық ғалымдар бізге жеткілікті. Алайда түпкілікті қолдау мәселесі қаражатқа келіп тірелетіні анық.

«Қазақстан жерінің асты толған қазба байлық». Еліміздің қай тұрғынынан сұрасаныз да осылай дер еді. Рас, байлық бар. Бірақ оны игеру тым қиын. Кейбір элементтер терең қабатта, енді бір мәселе – жүйелі барлаудың болмауы. Ірі инвесторларды тарту жұмысы баяу. Кадр да аз. Ал саланың нағыз мамандары пайдалы қазбалардың нормативтік қамтамасыз ету қоры кемінде 45-50 жылды құрайтынын айтады. Бұдан шығар түйін, геологияны қолдау – қолжылы тиімді экономикалық саясаттың күтісі. Қазба байлығын болса, қазынан да түгелсімейді деген сөз.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

Жоба

## ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ОБЛЫСТЫҚ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНДАР ҮШІН ТАЗА КІРІСІНІҢ БІР БӨЛІГІН АУДАРУ НОРМАТИВІН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 56-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТІДІ:**

1. Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар үшін таза кірісіннің бір бөлігін аудару нормативі мемлекеттік кәсіпорының таза табысының сомасынан 50 (елу) пайыз мөлшерінде белгіленсін.

2. «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н. НӘЛІБАЕВ**

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27 және 50-баптарына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТІДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н. НӘЛІБАЕВ**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы «...» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына қосымша

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНЫЛАТЫН КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

1. «Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісіннің бір бөлігін жергілікті бюджетке аудару нормативін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 26 қарашадағы №1269 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6542 болып тіркелген);

2. «Облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың иелігінде қалған таза кірістің бір бөлігін бөлу нормативін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №1357 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6758 болып тіркелген);

3. «Акциялардың мемлекеттік пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлесі) облыстық коммуналдық меншіктегі акционерлік қоғамдардың, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің (кірістерінің) көлемдерін белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы №143 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7886 болып тіркелген).



Сурет ашық, Әбіраманов

Бала күнімізден өндери құлағымызда қалды. Мақпалдай жұмсақ, әсемқоңыр, ғажайып саз жүректі тербеп, тыңдай бергіміз келетін. Ол жылдарда телевизор дегенің жоқ. Хабар, бар жаналық, бар концерт әрбір үйге тартылған кішкене қорапша радиодан берілетін. Оның салған өндерін қалың елі қалт жібермейтін. Анық айтқан сөздері мен әуені үйлесе кететін. Өндерін өзіне ғана тән мәнөрімен құбылта қайырганда, құлпырып шыға келетін. Ол санылы ғұмырын өнмен өрнектеген ғажайып өнші Жамал Омарова еді. Тыңдаған жанның сағынышына айналған Жамал апамыз туралы аға буынның айтары аз емес. Табиғаттың сирек туындысы, қайталанбас дара тұлға халық жүрегінің төрінен берік орын алды, дауысы ұрпақтан ұрпаққа жетті және жалғасын таба берері сөзсіз.

# Әниен өрнектелген өмір

Жамал Омарова 1912 жылы Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысы, Жаңажол ауданы, «Қауыншы» ауылында дүниеге келген. Кішікентайынан әнге әуес болып өседі. 1925 жылы Ташкент қаласында өткен балалар олимпиадасында бас жүлдені иеленеді. Әкесі репрессияға ұшырағасын 16 жасынан бастап Ташкент радиосында ән салып, отбасын асыратып. Рабфакта, Тау-кен институтында оқып жүрген кезінде де жұртты әншілігімен тәнті еткен. Жамалдың өнерге нық қалам басына әкесінің үзегілес досы, Қазақстанның халық әртісі Құрманбек Жандарбеков себепші болды. Бірнеше халық әндерін үйретті. Сөйтін ән салуға төселе бастайды. 1934 жылы қазақ музыка театры ашылып, Жамал Омарова соған шақырылды. Ол «Шұғаладағы» Мақпал, «Айман-Шолпандағы» Айман, «Қыз Жібектегі» Камка образдарын сомдады. Арасында Қазақ радиосында ән салып тұрады.

«Алтын қорда» Жамал апаның 70-ке тарта әндері бар көрінеді. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқанда үш ән орындайды. Олар – «Ертіс», «Ләтпія» және «Қараторғай». Өншінің әсерлен қабырған әндеріне қошемет білдірген Мәскеу көрермендері сатырлата қол соғып, әрбір әнін екі реттен қайталаптан. Осы сәтте келген Михаил Калинин «Қаңғақ» ән салған Қараторғай ма, онда тыңдайды» деп отыра берген. Сонымен «Қараторғай» әні үш рет шырақалады. Калинин бір жыл бұрын қызметтік сапармен Алматыға келгенде Жамалдың «Қараторғайын» тыңдап кеткен екен. Онкүндіктің көркемдік жетекшісі Ахмет Жұбанов былайша еске алады:

– Ертісіне бәріміз асыға күткен қорығыңды концерт өтетін болды, Затаевич әншілер кіретін есіктің алдында мені күтіп тұр екен. Жылы лебізін білдіріп, қолымды қысты. Рахмет Александр Викторович, сіз үшін Жамал Омарова Сырдың «Қараторғайын» орындағандық, – дедім. Қорығыңды концерт жоғары деңгейде өтіп, үлкен ризашылық тудырады. 1937 жылы Жамал Омарова Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияға әнші болып орналасты. Ел аралап концерт берді. Бірнеше ұлттың әндерін білетін. 1939 жылы өткен эстрадалық әншілердің бү-

кілодақтық байқауында жүлдегер атанды. Осы жолы ол өзбек халқының «Чайлик» әнін келістіре шырқайды. Ән Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталған. Соғыс жылдарында Жамал Омарова дербес өнер бригадасын жасақтап, Солтүстік Батыс және Қыыр Шығыс майдандарына барған. Оқ пен оттың арасында жүрген жауынгерлердің алдында ән салды, рухын көтерді. 1945 жылы Мәскеудегі Одақтар үйінің колонна залында жеке концертін берген. Өмірде аңқылдаған ашық, қамқоршы әрі жан-жағына мейірім-шуағын шашып жүретін жанлар болады. Жамал апамыз сондай кісі болса керек. 1956 жылы Ташкенттегі музыкалық училищесіде оқып жүрген Шәмші Қалдаяқовты Алматыға алдырып, консерваторияға түсіреді. Ол туралы Шәмші былай деп жазады: «Жас күнімде Жамал апамның үйінде тұрдым. Ол кезде халықтың тұрмысы нашар болатын. Бірақ Жамал апаның дастарқаны мол. Сол үйдің үлкен баласындай болдым. Жағдайым жанам болған жоқ».

Шәмші Қалдаяқов ақын Жүмекең Назмеденовтің сөзіне жазылған «Менің Қазақстаным» әнінің нотасының жоғарғы бұрышына: «Апатайым Жамалға» деп жазып беріпті. Өнді алғаш орындағанда да Жамал Омарова еді. Содан соң Қазақ радиосы «Менің Қазақстанымды» күндектік беріп тұрған. Шәмшінің «Қайықта» әнін де алғаш орындаған екен. Жамал Омарова Алматы қаласының қазіргі Қонаев көшесі №135 үйдің 75 пәтерінде тұрған. Дерекөздерде кейінірек әнінің бөлмесінде сақталған құжаттарды жинастырып және шығармашылық өмірінен деректі фильм жасағаны жазылды. 1960 жылы «Қазақконцертке» ауысып, жеке құраммен еліміздің түкпір-түкпірін аралап, өнер көрсетті. Ұмытпасам, 1961 жылдың күзі еді. Кеншар еңбеккерлерінің екен егінін жинап алып, көтеріңкі көңілде демалып жүрген күндердің бірі болатын. Ауылға концерт келді. Кешкілік жұрт тайлы-тағы қалмай клубқа жиналды. Бір күн бұрын концерт жетекшісі Жамал Омарова деп хабарлама ілінген. Концерт жүргізуші Тынышбек Бұйрабаев дауыс интонациясын ашық, ділмар екен. Сахна шымылдығын әсерлен, келістіріп ашты. Есімде қалғаны биік сәукеле және кен етек көйлек пен

– Евгений Григорьевич, тезірек маған жетіңіз!  
– Мақұл, Жамалочка...  
Нығмет Баймұхамедов мәтінін жазған ән елге тез тарайды.  
– Өр Алтай, асқан Алтай,

асқан Алтай, Анамдай әлпештеген жастан Алтай. Суы бал, қодесі бай, жері майса, Атықтан қары алтынды тастан Алтай. Елімің ерке алқасы, Сымбатты сұлу жер Алтай. Омырауда алтын алқасы, Отанымың кені Алтай, – деп басталып, шалқыған ән көп жылдар бойы Жамал апаның аузынан түспей төлқұжатына айналып кетті» деп жазады. Шыңдығында «Алтай» әні тыңдаған құлақтың құрышын қандырағы анық еді. Қазақстанның қай түкпіріне барса да, көрермен «Алтайды» құмарт тыңдады. Жамал Омарова қазақтың небір керемет халық әндерін, қазақ композиторларының нақышты әндерін сонымен қоса өзге ұлттардың да әндерін өз репертуарына кіргізіп, барған жерінде құйқылқыта орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген еңші.

Қазақстанның халық әртісі Сара Тыныштығұлова ұстазы Жамал Омарованың адами ағзал қасиеттерін айта келіп, былай деп жазады:  
– Сен қыздың соңғы кездері тамағың неге қырылдап жүр? – деп сұрады бірде.  
– Салқын суға көрпе жуамыз, апай.  
– Көрпе жуаны несі?  
– Жалдамалы пәтерде тұрамыз ғой, – деп сөз аяғын жұттым.  
– Онда үйге кел, менің қолымда боласын, – деп мейірімін төге қарады. Содан ұстазымың үйінде тұрдым. Маған апайымның сипірген еңбегі көп. 2022 жылы Жамал Омарованың 110 жылдығы өзінің кіндік қаны тамған Өзбекстанның Жаңажол ауданында кеңінен аталып өтіпті. Ұйымдастырушы Өзбекстандағы Қазақ мәдени орталығы екен. Ауқымды шарға Қазақстаннан ұрпақтары мен туысқандары және бір топ әншілер қауым барып қайтқан. Оларға рахмет! Мұны жетпестей еңігіе деген көршілес елдегі қазақ диаспорасының бауырмалдық көңілі мен құрметі, шынайы ілтипаты деп түсінесек керек.

Ақын Сағи Жиенбаев Жамал Омароваға арнаған «Апа» деген өлеңінің екі шумағын бер кетейік:  
– Өн салсан сары белден самал өріп, Кететін ұлан-ғайыр дала кеніп, Өзінің ұқсайма екен дауысына, Кең дала қосылатын саған еріп. Аққудай аспанымда еніп жүзіп, Тыңдайтын қар-жақтың бәрін үзіліп, Құлшынып қайраттанып, қайта түлеп, Жұлшынып отырғанын қаны қойып... Қазақ өнерінің мақтаншына айналған Жамал Омарова көзі тірісінде марапаттан кенде болмапты. «Қазақстанның халық әртісі» атағын алған. «Ленин», «Еңбек Қызыл ту» ордені және ондаған мемлекеттік медаль иеленген. Атақты өнші 1976 жылы өмірден озыды. Бүгінде Шымкент қаласындағы №1 әуез мектебі, Алматы қаласындағы Көктемде дейін созылып жатқан көрнекті, ұзын көше Жамал Омарованың есімімен аталады.

**Темірбек ЕСЖАНОВ,**  
білім беру ісін құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

## Хабарландыру

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кенесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурсы жариялайды.

Конкурс өткізілетін күні: Конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: 120008, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Берке Хан көшесі, 49А, байланыс телефоны: 8 (7242) 90-74-30, e-mail: [Onkolog\\_kzo@med.mail.kz](mailto:Onkolog_kzo@med.mail.kz) Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық онкология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Негізгі қызметі: Қызылорда облыс халқына оның ішінде онкологиялық науқастарға мамандандырылған стационарлық амбулаториялық көмек көрсету.

Бақылау кенесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: жоғары білімнің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптардың бірінің:

- 1) Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
  - 2) Денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
  - 3) Денсаулық сақтау және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.
- Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:
- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
  - 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
  - 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
  - 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
  - 6) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесіне соңғы жұмыс орнына қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың үзінді көшірмесі;
  - 7) Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыйбалас жемқорлық құқықбузышылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.
- Үміткер конкурстық өтінішін түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-01-51 (3007).

## Объявление

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылординский областной онкологический центр» управления здравоохранения Кызылординской области.

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 207.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Кызылординский областной онкологический центр» управления здравоохранения Кызылординской области, 120008, Кызылординская область, город Кызылорда, улица Берке Хан, 49А, контактный телефон: 8(7242)90-74-30, e-mail: [Onkolog\\_kzo@med.mail.kz](mailto:Onkolog_kzo@med.mail.kz).

Основная деятельность: оказание специализированной стационарной и поликлинической помощи населению Кызылординской области, а именно онкологическую медицинскую помощь.

Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;
- 2) Наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;
- 3) Членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права.

Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе должен представить в комиссию следующие документы в течение срока, указанного в объявлении о конкурсе:

- 1) Заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
  - 2) Резюме на государственном и русском языках;
  - 3) Автобиография ( в произвольной форме);
  - 4) Копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
  - 5) Копия документа о высшем образовании;
  - 6) Копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
  - 7) Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.
- Кандидат запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата. Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управлении здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3007).

Жазушы Нұрлыбек Саматұлының «Шенгелдің шешек атуы» атты әңгімелер жинағына енген «Қанбақ» атты символдық әңгімесіне, біздің жете түйсініп білуімізше, сол сияқты зерделеп ой сарптауымызша оқиғасы жедел қарқынды өрбіп отыратын, терен астармен берілген кешегі алмағайып замандардағы қым-қуыт зұлматтарға толы Ұлы төңкеріс кесірінен қабырғалы қазақ жұртының қанбақтай қақпақсызға түскен аяншыты тағдыры шартты түрдегі әфсаналық сипат бойынша басты желі етіп алынған. Көзіқаракты оқырман ә дегеннен-ақ көділгі қанбақтың (жапан даладағы шөп тұқымдасының) тіршілік етіп тірі калу үшін аласұрған агониялық халдегі келбет-көрінісін жадына тоқиды. Ал біз қаламгер ретінде шығарманың айтар ойы тым әріде жатқанын, сарыны сонау уақыт қатпарларынан қазірге күнірне жеткен, солай бола тұра қайсыбір көңілімізде әлі күнге қолағмағай маздап ояу қалған тұңғыш тұпсананың ишарат ымымын, қилы мезгілдердің қисапсыз ауырталық жүгімен бүгінгі күнге дейін тайалы тарихымыздың жүріп өткен «тар жол, тайғақ кешулі» бедерлі бестерінің астарлы мазмұн арқылы аңғартқан жайларды іштей ұғып, жете танығандай болдық.



Сурет ашық, Әбіраманов

Жалпы, қай шығарма болмасын, оның мәнікті мазмұны мен көркемдік келбетін бөташар туынды ашып тұратындығы белгілі. Сол қалыптасқан қағида галетімен біз де осы күрделі сюжетке құрылған «Қанбақ» әңгімесіне арнайы тоқталмай кете алмадық. Әңгіме тұңжыраған кейіптегі күзгі сүренсіз табиғат көріністерінің үздіксіз қозғалыстағы қалыптасқан үдерістерін жанды кейіпте суреттеуден бастаған.

«Жалпақ жазықтың бір бүйірінде жалқы өскен Қанбақ Күнін біресе қызғылт ренделіп, біресе оған сарғыш бояу араласып, біресе жасылып жұрттары мың құбылған көзіне соңғы рет сұқтана қарады»... Жүдеу дала төсінде жел шайқап, ұшар мезеті мен қонар жерін алқымнан алатын қана суық ызғарымен жөңкілген жел гана білетін қанбақтың тағдыры ет пен сүйектен жаралған көділгі адам баласының түрлі зандылықтарға толы сан қырлы, сан түрлі пәнілік өмірсапарымен сабақтас өрліген. Бұл арада біз автордың алдағы кезде өрістеп даму түсетін, әзірге беймәлім шығармалық оқиға өрісінің жандының (адам) және жансыздың (өсімдік) өзара жаратылыстық мінез құбылыстарының тағдырлас үйлесуі, ұқсас сарындағы образдық кейіптеуі, ортақ әрекеттік қатынастар жасауы арқылы жалғастыра келе

шелігі, психологиялық суреттеулер, әрекет үстіндегі кейіп-кескіндер ұқсастық тауып, шебер үйлесім жатқандай көрінеді. «...Ұйысқан бір бұтағы (бұл арада аталған әңгімедегі Қанбақтың бұтағы жайлы айтылып отыр. Б.А.) шенгелдің дің қармап қалған екен, желдің айналдыра қуалағанына айқырай қоймады. «Жіберші, шенгел!» дегі іштей жалын. Шөп тектестердің дауыстап қойып алмайтыны қандай жаман... Шенгел міз бақпады. «Жел! Жел-ау, жел! Үйіріп соқшы!»... «Бір мезет қарсы алдынан ыстық леп лекілеп білінген. Шұбатыла шалқып, қызыл тілі жалпаңдап, оршелене көкке ұмтылып, қарсы тұста алаулап от жанып жатыр. Қызыу сондайдаң бетке ұрды. Ырықсыз ұшып-қонып, қаңғалақ қаққан Қанбақты желігі басылмаған әуілдек жел апшысын қуырған қалпы өкшелеп, құйында қуалап кеші, лаулаған алаудың қып-қызыл өңешіне сүнгітті де жіберді. Лап етіп ілезде жанып-сөнген Қанбақтың күлі де қалмады».

Сюжеттік құрылым тастуының шымыр, жанрлық баяндау тәсілі мен көркемдік-ұшайқанды шұқралдары шығарманың өн бойынан мейлінше аз суреттеу тәсілі арқылы қанбақ кейіпіндегі саналы жаратылыс иесінің (адамның) жаншұғырған жалдасба қарекеттері, ішкі монолоттары біртұтас желі ретінде қаламгердің бүгінгі қазақ прозасында қалыптасқан өзіндік дара қолтаңбасын танытып тұр. Онда түрлі тұлғалық кейіпкерлердің, яғни жойып-жаныштығы жатжұрттық жойқын дәуелі күш пен едала панаасыз тірлік кешкен әлсіз арауымыз өкілінің ситуациялық мінездік әрекет құбылыстары, ізгілік рухындағы моральдық асыл қасиетті және бұған қашанда атымен жат қараулық пиғыл көрінісін басты өзек етіп алған қарамақарсы полостегі қозғалар терен ойларға жетелейді. Іштей толғануға еріксіз мәжбүрлейді. Осы арада стилі модернистік дәстүрге негізделген қаламы қуатты қаламгер Нұрлыбек Саматұлының «Қанбақ» аталатын бұл символдық әңгімесі өзіндік өрнекке ие, өзгеше пішіндегі табысты шығарма деп баға берген болар едік. Табысты шығарма болатын себебі, оның үзілмес алтын арқауы – қашанда шындықпен шендестіріле өрістейтін, оқырман үшін көптен іздеп жүрген қымыбатын жоқ жерден тауып беріп, қолға ұстатып қуантардай қодулігі қарапайым ақиқат. Қаламгерлік шынайы шеберліктің басты сыры да осында.

**Бақытжан АБЫЗОВ,**  
ақын

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы белгілі ақын, журналист Мұхамеджан Нұрхановқа зайыбы және ардагер-журналист Жұмақұл Оралбаеваға апасы

**Алтын Балабайқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



# «ЖАСТАР ТЕАТРЫ» – ТӨЛ ӨНЕРДІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Көп ұзамай, дәлірек айтқанда, 2016 жылдан бастап қалалық мәдениет бөлімі жанындағы үйірме жұмысын қолға алды. Сол уақыттан бері осы үйірмеге режиссер, сценарист ретінде жетекшілік еттім. Талантты жастарды тауып, оларды түрлі мерекелік іс-шараларда сахналық қойылымдарға тарта отырып, өнерге баулып, қабілетін шыңдауға көңіл бөлдік.

Арада бірнеше жыл өтті. Сол уақыттағы қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен, алғашында үйірмеден басталған шығармашылық орта өз бағытына сай кәсіби ұжымға айналды. Енді алдымызда дербес театр ашу мәселесі тұрған еді.

Шығармашылық ұжымның бастапқы кезінен бастап, қалай қалыптасқанын жақсы білетін облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы бір қабылдауда менен «Жастар театры» құру жөнінде пікірді сұрады. Өрине, өте қажет екенін, өзге өңірлерде де ондай жас театрлардың бар екенін айттым. Себебі, уақытпен бірге өсіп, шыңдалып келе жатқан шығармашылық топтың келешегіне зор сенім арттым.

Жоғарыда айттып өткенімдей, бір жыл бұрын қалалық «Жастар театры» өз алдына шыңарқа көтерді. Шағын ұжымның үздіксіз ізденісі, талпынысы мен талғам деңгейі өзіндік нәтижесін көрсетті. Айталық, актерлердің шығармашылығын шыңдап, ал театр репертуары жана деңгейге көтерілгенін байқауға болады.

Жыл көлемінде атқарылған жұмысты сараласақ, көп жетістік жетістіктер көңіл қуантарлықтай. Айталық, театр 2024-2025 жылдар аралығында көрермен назарына жеті премьерасы ұсынды. Оның бесеуі қалалық бюджеттен, қалған екі қойылым жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен және театрдың ақилы қызмет есебінен жүзеге асырылды.

Жазушы Т.Әбдіктің әңгімесінен желісімен жас драматург Н.Баймаханұлы инсценивоары бойынша сахналанған «Оң қол» психологиялық драмасы өте әсерлі қойылымның бірі болды. Әдеттегі қалыптасқан ұғым бойынша спектакльдің жетістігі көрерменнің көп болуына байланысты. Осы тұрғыдан қарасақ, «Оң қол» қойылымы бір айда 4 рет сахналанып, әрбір сеанс анышлар болып өтті.

Өткен жылы осы уақытта Халықаралық театр күні мерекесі аясында «Жастар театры» театрының актері, жас драматург Н.Баймаханұлы «Сезімді қайтейін...» атты музыкалық-лирикалық қойылымының премьерасы Б.Ахмедтің режиссерлігімен сахналанды. Музыкалық және поэзиялық диалогтар үйлесімі тапқан, махаббатқа толы қойылым жастар арасында үлкен суранысқа ие болып, аймақ көлеміндегі бірнеше гастрольдік сапарларда көрермен назарына ұсынылғанын атап өткеніміз жөн.

Ақпарат көздерінен белгілі, тұңғыш қазақ театры 1926 жылы қасиетті Сыр топырағында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылған. Ал араға бір ғасырға жуық уақыт салып, «Жастар театры» «Еңлік-Кебек» трагедиясын жана форматта жаңғыртып, кезекті

преьера ретінде көрерменге ұсынды. Қойылымға белгілі театр және кино актерлері Ұлан Болатбек және Шағуан Үмбеталиев арнайы шақыртумен келіп, режиссерлік жасады. Қойылым көркемдік қанатта талқыланып, өңірмізге белгілі зиялы қауым өкілдері мен театр сыншыларының оң бағасын алды. Сондай-ақ көрерменнің зор қошеметіне бөленді. Жалпы театр ұжымы өткен жылғы маусымды «Еңлік-Кебек» трагедиялық қойылымымен жоғары деңгейде қорытындылады.

«Жастар театры» жасақтаудағы негізгі мақсатымыз қоғамдағы жастар мен жасөспірімдердің ішкі мәдениетін қалыптастырып, өмірге деген құшпанысын арттыру болғанын. Театр шығармашылық бағытында осы ұстанымнан айнымай, жас ұрпақ тәрбиесіне аса жауаптылық танытып келеді. Осы орайда өткен жылдың қыркүйек айында театр ұжымы ақын, жазушы Тольбай Абылаев екеуіміздің дайындаған (режиссер, сценарист Оңталап Нұрмаханов) «Неге, жаным, шығарым сала алмадың?» лирикалық драмасымен жана маусымды ашқан еді. «Құрыш қазақ» атанған жерлесіміз ақын, жазушы Зейнолла Шүкүровтің өмірі мен шығармашылығына арналған.

Тағдырлы ақынның бойындағы талаптың бірге өмірге деген тексіз құштарлық, қайсарлық пен табандылық, сонымен қатар, өшпес сезім – махаббатты сипаттау арқылы адам баласын жан тазалауға жетелейтін қойылым болды. Алаш аристарының ұлтқа қызмет жолындағы ұлы мұрат, асқақарманын суреттейтін тағалымы мол туынды Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына және Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналды. Қойылымның режиссері Ұлан Болатбек.

Тарихи драманы тамашалауға асылдың сынығы, текті әулеттің жалғасы Ғулан Дулатованың қызы, Міржақып Дулатұлының қызы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жаннат Әбенқызы өңірмізге арнайы келіп, алғаусыз алғысын білдірді. Өздерінің байқап отырғандық, театрдағы әрбір қойылым өз заманының озық идеялары мен қызықты оқиғаларын суреттейді. Осылайша көрермен көңіліне ой салып, әрбір оқинағын артық-кем тұсын ажыратуға, сол арқылы лұрыс шешім қабылдауына сеп болады.

Театр ұжымы, әсіресе, енді қалыптасып келе жатқан «Жастар театры» үшін тәжірибеге алына қажет. Қазір бұл бағыттағы жұмыстар да жолға қойылған. Арнайы тоқталсақ, «Театр – өмір тынысы» тақырыбында Қызылорда қаласының «Жастар театры» және «Атырау Жастар театры» ұжымы арасында шығармашылық кездесу өтті.

Театр тарихында ерекше есте қалған сәттер деп айтсақ болады, Қазақстан театр қайраткерлері одағының төрағасы, ҚР Халық артисі, профессор Тұңғышбай Жаманқұлов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дулыға Ақмола театр труппасына шеберлік сағатын өткізді. Танымал актерлер өнерге құштар жастардың сурақтарына жауап бере отырып, осы саладағы көп жылдық ен-

бектері барысында жиған-түйген тәжірибелерін бөлеті.

Жыл көлеміндегі жетістіктер де аз емес. Соның дәлелі, Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының ұйымдастыруымен Түркістан қаласында өткен «Қазақтың Құрманбегі-І» атты республикалық театрлар фестивалінде Қызылорда қаласы «Жастар театры» «Жас Алаш. Шыңдық шырағы» қойылымына сахналап, театр актрисасы Жанерке Серік «Үміт» жүлдесін жеңіп алды. Ал театр директорының орынбасары, айттыкер ақын Бексұлтан Орынбасаров Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған «Адамзаттың бәрін сүй» атты «Алтын домбыра – 2025» республикалық ақындар айтысында І орын иеленіп, автокөлік жеңіп алды. Сондай-ақ аймақтағы өнерпаз жастар арасында үздік деп танылып, «Сыр сүйей», «Сыр дарыны» номинацияларымен марапатталды. Жыл қорытындысы бойынша қала мәдениеті мен руханиятына қосқан үлесі үшін театр артисі Мұхамеджан Әліханов «Үздік шығармашы жас» номинациясымен марапатталса, талантты актриса Тоғжан Аяпова қала әкімінің «Самғау» жастар сыйлығының жеңімпазы атанды.

Тағы бір айта кетерлік жананық, 2024 жылы «Руханият» журналы аясында облыс әкімінің қолдауымен театр баласына екі қызметтік пәтер берілген болатын. Бұл мекеме меншігіне тағы бір үш бөлмелі пәтердің кілті табыс-талып, өнер өкілдері үшін ерекше қолдау болды.

Кәсіпорын директоры Нұрмат Мансұр еліміздегі өнер ұжымдарымен тығыз байланыс орнатып, «Атырау Жастар театры», Шанин театры және Қазақстан Жазушылар одағының балалар әдебиеті бөлімімен кең ауқымды жоспар аясында меморандум жасасты. Оған қоса, өңірміздегі мектептер мен жоғары оқу орындарының театр үйірмелерімен бірлесіп жұмыс атқарып, мемлекеттік мекемелердің жұмыс жоспарына театр күнін енгізу туралы келіссөздер жүргізді. Атырау аймағындағы жұмыстар мен тынымсыз еңбектің нәтижесінде «Жастар театры» 2025 жылдың «Үздік ұжым» номинациясын жеңіп алды.

Жастардың шығармашылық жетістіктері мен жоспарлы жұмысы қалалық және облыстық баспасөз беттерінде, жергілікті телеарналарда кеңінен насихатталуда. Сонымен қатар, өнер ұжымы Қызылорда облыстық прокуратурасымен бірлесіп «Зан мен тәртіп» тақырыптық бейнероликтер жарыялап, қоғамдық бастамаға үлес қосты.

Театр – алуан өнердің ордасы екенін сөз басында айтып өттік. Олай болса, алуан өнерді бір арнада тоғыстырып, өмірлік құндылықтарды дәріптеуге атсалысып келе жатқан аймақтағы «Жастар театры» да алар асуы биік екені сөзсіз.

Оңталап НУРМАХАН, театрдың көркемдік жетекшісі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан театр қайраткерлері одағының «Дара» төсбелгісінің иегері

## /// ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

# «ҚАЙСАР» ФУТБОЛ КЛУБЫНЫҢ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІНЕ ҮНДЕУ



Құрметті жерлестер!

Жапон халқы – әлемге өзіндік мәдениетімен, тәртіптілігімен және жоғары жауапкершілігімен танылған ерекше ұлт. Олар гасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлерін көздің қарашығындай сақтап, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән береді. Жапон қоғамында бала тәрбиесі тек білім беруден ғана шектелмейді, ең алдымен еңбекке баулу, табиғатты сүйу, тәртіп пен ұқыптылықты қалыптастыру басты орын алады. Сондықтан да олардың әрбір іс-әрекетінен жауапкершілік пен мәдениеттілік айқын көрініп тұрады.

Жапонияда балаларды кішкентайынан бастап еңбекке баулиды. Мектеп қабырғасында олар тек сабақ оқып қана қоймай, өз сыныптары өздері тазалап, айналасын күтіп-ұстауды үйренеді. Бұл – олардың бойында ортақ мүлікке деген құрмет пен жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу – жапон тәрбиесінің негізі. Осындай құндылықтар арқылы олар тәртіпті, мәдениетті, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеп отыр.

Бүгінде «жапондық сапа», «озық технология» деген ұғымдар бүкіл әлемде жоғары бағаланады. Бұл – тек ғылым мен техникадағы жетістіктердің ғана емес, жалпы халықтың күнделікті өмірдегі ұқыптылығы мен жауапкершілігінің нәтижесі. Жапондардың кез келген іс-әрекетінен жауапкершілікпен қарауы – олардың табысының басты кілті.

Олардың бұл қасиеті спорт мәдениетінде де ерекше байқалады. Әлемдік футбол додаларында жапон жанкүйерлері матчы аяқталғаннан кейін стадионда отырған орындарын тап-таза етіп жинап кетеді. Бұл әрекет – жай ғана тазалық емес, бұл – олардың ішкі мәдениеті мен тәрбиесінің көрінісі. Олар стадионды өз үйіңдей көріп, құрметпен қарайды. Қазір Қызылорда қаласында кейінгі жылдары салынған заманауи үлгідегі асем ғимараттар, әлеуметтік, мәдени және спорттық нысандар, халықаралық

стандарттарға сай «Қайсар Арена» стадионы, қаланың кіршіксіз тазалығы жөнінде бүкіл еліміз жақсы біледі. Аймақ басшысының бастамалары арқасында өңір барлық сала бойынша қарыштап дамула.

Осыған орай, Қызылорданың «Қайсар» футбол клубының жанкүйерлеріне Үндеу жариялаудамыз. Біз де жапон жанкүйерлерінен үлгі алып, стадион мәдениетін жана деңгейге көтеругізміз қажет. Әрбір матчтан кейін өзіміз отырған орынды таза қалдыру – бұл біздің қаламызға, клубымызға және өзімізге деген құрметіміздің белгісі.

Стадионда мәдениетті сөйлеу, артық айқай-шусыз, балағат сөзсіз қолдау көрсету – нағыз жанкүйердің айнасы. Қарсылас командаға да құрметпен қарап, спорттық рухты сақтау – біздің деңгейімізді көрсетеді. Біз тек жанкүйер емес, өз қаламыздың, өз клубымыздың абыройын аркалап жүрген жандармыз.

«Қайсар» командасының жанкүйерлері әрқашан белсенділігімен, жанкешті қолдауымен танылып келеді. Енді осы қасиеттерді мәдениетпен, тазалықпен ұштастыра білсек, біз көпке ұлгі бола аламыз. Бұл – үлкен өзгерістің бастамасы болмақ. Кішкентай әрекеттерден үлкен мәдениет қалыптасады.

Сондықтан барша жанкүйерлерді тазалыққа, тәртіпке және мәдениетшілікке шақырамыз. Әр матчтан кейін стадионды таза қалдырып, өзімізді жоғары деңгейге көрсете білейік. «Қайсардың» жанкүйерлері тек қолдауымен ғана емес, өнегелі іс-әрекетімен де елге үлгі болсын! Қайсарлық жанкүйерлердің асқан мәдениетін де Қызылорданың брендіне айналдырайық, құрметті жерлестер!

Ізгі ниетпен, спорт жанкүйерлері мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, ғалымдар Бауыржан ЕЛЕУСИНОВ, Бахытхан АБДИКАРИМОВ, Баймырза ҚОЖАМБЕРЛИЕВ.



## КАЗАҚ КҮРЕСІ Қызылордалық балуандар жеңіс тұғырында

Түркістан қаласында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен қазақ күресінен ересектер арасындағы Қазақстан Кубогы өз мәресіне жетті. Бірнеше күнге созылған байрақты бәсекеде Сыр елінің балуандары жоғары нәтиже көрсетіп, аймақ абыройын асқақтатты. Спортшылар жарыс қорытындысы бойынша 12 алтын және екі қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орынды иеленді. Жекелей сындалса 55 келі салмақта Шейхрахман Бауыржанұлы, Руслан Теміржан (60 кг), Жаксыбек Жәнісбек (66 кг), Дамир Әбдеков (74 кг), Еңбек Сақтағанов (90 кг), Ақылбек Серік (100 кг) және Нұрым Сәлімгереев (+100 кг) чемпион атанды. Қыздар арасында 52 келіде Жанерке Асқарова, Ұлту Асқар (56 кг), Арайлым Қанзада (60 кг), Айжан Болат (65 кг) және Әсел Бісембай (+77 кг) алтын медаль жеңіп алды. Әділбек Берікұлы (66 кг) мен Әсел Бісембай (+77 кг) қола жүлдегерлері есі атанды.

Команданы жарысқа облыстың аға жаттықтырушысы Болатбек Кенеев дайындады.

## АЛЫШ КҮРЕСІ Ел чемпионатындағы табыс

Түркістан облысының Кентау қаласында алыш бөлеу күресінен қырғыз күресінің бір түрі жасөспірімдер арасында чемпионат өтті. Біріншілікте Қызылорда облысының құрамасы табысты өнер көрсетіп, үш алтын, үш күміс және екі қола медаль жеңіп алды. Осы нәтижелердің арқасында команда жалпыкомандалық есепте екінші орынға тұрақталды. Жарыс қорытындысы бойынша 70 кг салмақта Нұрқелді Құмарбек, Бекарыс Әбжаппар (80 кг) және Ғайса Дастанбекұлы (+90 кг) чемпион атанып, алтын медаль иеленді. Ал Нұрдәулет Асенов (55 кг), Рамазан Жұмағали (65 кг) және Нұрсылман Ерболат (75 кг) күміс жүлдеге қол жеткізді.

Сондай-ақ 45 кг салмақта Арайлым Абдушайт пен 70 кг салмақта Нұрсылман Өсербай қола медаль еңшіледі.

## ЕРКІН КҮРЕС

### Бөзілемдегі жарқын белес

Ресейдің Грозный қаласында еркін күрестен жасөспірімдер арасында халықаралық турнир өтті. Дүбірлі долада қызылордалық Рамазан Жансапулы 55 кг салмақ дәрежесінде бақ сынады. Ол тартысты белдесулер нәтижесінде қола медаль жеңіп алып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

## ТАЕКВОНДО

### Түркия төріндегі жеңіс

Түркияның Анталия қаласында таеквондодан халықаралық арасында XIII «Turkic Open, G-1» халықаралық турнирі өтті. Дүбірлі долаға 30 мемлекеттен екі мыңнан астам спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтауда. Жарыстың екінші күнінде Сыр елінің жас спортшылары жоғары нәтиже көрсетті.

Атап айтқанда, 61 кг салмақта Әбілмансұр Шаншарх жарыс жеңімпазы атанып, алтын медаль еңшіледі. 68 кг салмақта Әлімхан Торғын да сәтті белдесулер өткізіп, чемпиондық тұғырға көтерілді. Ал 57 кг салмақ дәрежесінде Дінмұхаммед Маратұлы финалға дейін жетіп, турнирдің күміс жүлдегері атанды.

## ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

### Сыр спортшыларының серпіні

Алматыда жеңіл атлетикадан жасөспірімдер мен юниорлар арасында Қазақстан чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде Қызылорда өңірінің жас спортшылары жүлделі орындардан көрініп, өз шеберліктерін жоғары деңгейде дәлелдеді. Шыңғанбай Сәзім найза лақтыруда чемпион атанып, дискі лақтырудан күміс медаль иеленді.

Сондай-ақ жасөспірімдер арасында Нұрзат Ғалымұлы найза лақтырудан алтын медаль жеңіп алса, Давид Русановский осы сайыста өз жасында топ жарып, чемпион атанды. Асылзат Қыдырбай дискі лақтырудан қола медаль алып, жүлдегерлер қатарынан табылды. Ал юниорлар арасында Алайдар Мырзағазиев дискі лақтырудан қола жүлдеге қол жеткізіп, команданың қоржынына тағы бір медаль салды.

Бағлан АЙҒАЛУЛЫ, «Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi\_kz



МЕНШІК ІЕСІ **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектелуі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР **МАРАТ АРАЛБАЕВ** қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР **ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ** қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.